

**"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 28 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасының 2022 жылғы 6 маусымдағы № 15 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 маусымда № 28391 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасының 2025 жылғы 6 мамырдағы № 1 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының төрағасының 06.05.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 28 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24428 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы қызметінің қағидаларында:

84-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"84. Тестілеудің қорытындысы бойынша емтихан тапсырушыға дұрыс жауаптардың санына қарай мынадай балл:

75-тен 89-ға дейінгі дұрыс жауаптары үшін – 4 деген баға;

90-нан 100-ге дейінгі дұрыс жауаптары үшін – 5 деген баға қойылады.

4-тен төмен баға алған тұлға емтиханның (тестілеу) бірінші кезеңінен өтпеген болып есептеледі.

Тестілеу қорытындысы бойынша 4 және одан жоғары баға алған тұлға кейсті шешуге жіберіледі."

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Академияның ректоры З.Х. Баймолдинаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының төрағасы*

*Ж. АСАНОВ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК